

Станционный кентінің аумағында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізу және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін кент, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің санын айқындау тәртібін бекіту туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Көкшетау қалалық мәслихатының 2017 жылғы 18 сәуірдегі № С-9/7 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 24 мамырда № 5963 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Көкшетау қалалық мәслихатының 2021 жылғы 6 мамырдағы № С-6/11 шешімімен.

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Көкшетау қалалық мәслихатының 06.05.2021 № С-6/11 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 39-3 бабының 6 тармағына, "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысына сәйкес, Көкшетау қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса беріліп отырған Станционный кентінің аумағында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің тәртібі бекітілсін.

2. Қоса беріліп отырған Станционный кентінің аумағында жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін кент, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің санын айқындау тәртібі бекітілсін.

3. "Көкшетау қалалық мәслихатының "Станционный кентінің бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің қағидаларын бекіту туралы" 2014 жылғы 24 желтоқсандағы № С-32/4 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4613 тіркелген, 2015 жылғы 29 қаңтарда "Көкшетау" және "Степной Маяк" газеттерінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Алтыншы шақырылған
Көкшетау қалалық*

мәслихатының 9-шы
кезекті сессиясының
төрайымы

Алтыншы шақырылған
Көкшетау қалалық
мәслихатының хатшысы

"КЕЛІСІЛДІ"

Станционный кентінің әкімі
2017 жылғы "18" сәуір

Б.Ғайса

Е.Байдалин

Көкшетау қалалық мәслихатының
2017 жылғы 18 сәуірдегі
№ С-9/7 шешімімен
бекітілген

Станционный кентінің аумағында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің тәртібі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Станционный кентінің аумағында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің тәртібі "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 39-3-бабының 6-тармағына, "Бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысына сәйкес әзірленді және поселке, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің тәртібін белгілейді.

2. Станционный кентінің аумағындағы, көшенің, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындары (бұдан әрі - бөлек жиын) жергілікті қоғамдастықтың жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлау мақсатында шақырылады және өткізіледі.

2. Бөлек жиындарды өткізу тәртібі

3. Бөлек жиынды Станционный кентінің әкімі шақырады.

Көкшетау қаласы әкімінің жергілікті қоғамдастық жиынын өткізуге оң шешімі бар болған жағдайда бөлек жиынды өткізуге болады.

4. Жергілікті қоғамдастық халқы бөлек жиындардың шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей хабардар етіледі.

5. Кент, көше, көппәтерлі тұрғын үй шегінде бөлек жиынды өткізуді Станционный кентінің әкімі ұйымдастырады.

6. Бөлек жиынды ашудың алдында кенттің, көшенің, көппәтерлі тұрғын үйдің қатысып отырған және оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

7. Бөлек жиынды Станционный кентінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға ашады.

Станционный кентінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жиынның төрағасы болып табылады.

Бөлек жиынның хаттамасын рәсімдеу үшін ашық дауыспен хатшы сайланады.

8. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін кент, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын Көкшетау қалалық мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жиынның қатысушылары ұсынады.

Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін кент, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің саны тең өкілдік ету қағидаты негізінде айқындалады.

9. Дауыс беру ашық түрде әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Бөлек жиын қатысушыларының ең көп дауыстарына ие болған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

10. Бөлек жиында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және оны Станционный кенті әкімінің аппаратына береді.

Көкшетау қалалық мәслихатының
2017 жылғы 18 сәуірдегі
№ С-9/7 шешімімен
бекітілген

Станционный кентінің аумағында жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін кент , көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің санын айқындау

р/с №	Е л д і мекенінің атауы	Станционный кентінің аумағында жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін кент, көше, көппәтерлі тұрғын үй тұрғындары өкілдерінің саны (адам)
1	Станционный кенті	24